

# АНА ТІЛІ

Ұрпақ Тағдыры

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## Бейіті қайда бабамның, биігі қайда даламның?..



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты үндеуінде «тарихтан тағылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз» деп атап көрсеткені белгілі.

«31 мамыр – ел тарихындағы ең азалы кезеңнің бірін еске алу күні. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін Кеңес одағы дәуіріндегі миллиондаған азаматтың тағдырына таңба салды. Қазақстанда жүз мыңнан астам адам жазықсыз сотталып, оның төрттен бірі өлім жазасына кесілді. Зұлмат заманда тұтас халықтар қудалауға түсті. Туған жерінен зорлықпен көшірілген бес миллионға жуық адам қасиетті қазақ жерінен пана тапты. Қазақстан олардың құтты мекеніне айналды. Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық. Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы», – деді Президент Қ.Тоқаев. Осыған орай, осы аптада Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның кезекті отырысын өткізді. Жиында Мемлекеттік комиссияның зерттеу, баспа және архив жұмыстарының жүзеге асырылу барысы талқыланды. Іс-шарада 2023 жылы саяси қуғын-сүргін тарихына арналған кезекті материалдар мен құжаттар жинағын жарыққа шығару жоспарланғаны

жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ ғалымдар мен сарапшылар ХХ ғасырдың 1920-50 жылдары аралығындағы саяси қуғын-сүргін тақырыбына қатысты материалдарды терең зерттеуге және талдауға арналған ғылыми жобалардың нәтижелерін таныстырды. Бұдан бөлек, комиссия отырысында ғалымдар мен зерттеушілердің ізденіс жұмыстарын қолдау мақсатында ұйымдастырылған нысаналы қаржыландыру бағдарламасының орындалу барысы қаралды. Жиын қорытындысы бойынша Мемлекеттік комиссияның баспа қызметін дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, архив базасын жүйелеу және қорларға біріктіру ісін жалғастыру секілді негізгі бағыттарына қатысты тапсырмалар берілді. Рас, қасіретті жылдардың зобалаңы ұмытылмайды. Белгілі ғалымдар мен сарапшылардан құрылған комиссия мүшелері еліміздің архивтерінде, жабық қорларда әлі де ауқымды зерттеулер жүргізілуде. Құзырлы мемлекеттік органдармен бірлесіп, ведомстволық архивтерді құпиясыздандыруға және қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қатысты жұмыс жалғасуда. Биыл әртүрлі қуғын-сүргін санаттары бойынша құжаттар мен материалдар негізінде құрастырылған 31 томдық құжат жарық көрді. Президентке таныстырылды. Биыл да Мемлекеттік комиссия қуғын-сүргін құрбандарының тарихын зерттеу, архив құжаттарын цифрландыру және электронды қорларды қалыптастыру бағытындағы жұмысын жалғастыра береді.

**Хангелді Әбжанов, академик:**

**Кем дегенде миллион адам қуғын-сүргіннің құрбаны болған**

– Тоталитарлық қоғам үшін, әсіресе диктаторлық билеушісі бар елде қуғын-сүргін заңды әрі қалыпты жағдай. Қуғын-сүргін большевиктік режим орнағаннан Кеңес одағы ыдырағанша жүріп жатты. Ол қанды-қырғын, құпия, бірде жұмсақ қысым түрде өтті. Ол Мәскеуде қалай жүріп жатса, тура сондай жағдайда Қазақстанда, Өзбекстанда, Украинада да жүрді. Мұның ұйымдастырушы, бастамашысы – партия. Арнайы заң бар. Бірақ қуғын-сүргінді толық әшкерелеуді және ашаршылық құрбандарын толық ақтауды қайта-қайта қолға алғанымызбен, соңына дейін жеткізе алмадық. Мәселен, заң ғылымында қылмысты біле тұра айтпаған адам да қылмыскер саналады. Қуғын-сүргін болғанын біле тұра, соны әшкерелеуге, құрбандарды толық ақтауға келгенде 30 жылдан бері әлі сөзбұйдалыққа салып келеміз. Былтыр «қуғын-сүргінге ұшыраған екі адам да ақталған жоқ» деп өз ренішімді білдірген болатынмын. «Берілген жауапта 311 мың адам ақталды» дейді. Осынша адам ақталса, неге әлі жасырып отыр? Олай болса, сүйіншілеп, толық тізімімен халыққа жариялау керек қой. Жоқ, олар екі адамның атын айтпайды. Бұл – бір. Екіншіден, Сәкен Сейфуллинді, Темірбек Жүргеновті ақтадық. Бірақ оларға қатысты құжаттар әлі күнге құпия белгісімен қаптаулы жатыр. Біз неге оларды құпия сақтаймыз? Адамын

анықтаймыз, бірақ құжатты ақтамаймыз. Бұл – қарама-қайшылық қой. Ал қуғын-сүргін жекелеген адамдарды ғана емес, тұтас әулетті де қаусатып кетті. Жүргеновтың әкесі де қуғын-сүргінмен атылды. Екі бауыры Қосжан мен Досжан да қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Темірбек Жүргеновтің өзі де атылды. Бұл – тарихымыздың ең бір қасіретті кезеңі. Әлі сол құрбандардың алдындағы қарызымыз, парызымыз өтелген жоқ. Қазақстандағы құрбандар саны 130 мың деген цифр шыққан, біз содан айырылмаймыз. Ал мен құжаттарды қарап шықтым, кем дегенде миллион адам қуғын-сүргіннің құрбаны болған. Құжаттағы санға қол жетпегеннен кейін неше түрлі цифр, аңыз пайда болады. Демек, бізге құрбандарды адам ретінде де, құжат ретінде де толық ақтайтын уақыт келді.